

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15
желтоқсандағы N 1414 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 қаңтар N 86. Күші
жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.03.03. N 326 қаулысымен. ~P010326

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Еңбекшілердің өндірісте денсаулығы зақымдануын және басқа жазатайым
жағдайларды есепке алу мен зерттеп-тексеру жөніндегі Ережені бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15
желтоқсандағы N 1414 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994
ж, N 47, 527-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

Аталған қаулымен бекітілген еңбекшілердің өндірісте денсаулығы

зақымдануын және басқа жазатайым жағдайларды есепке алу мен
зерттеп-тексеру жөніндегі Ереженің 19-тармағы мынадай мазмұндағы
абзацпен толықтырылсын:

"жұмыс беруші сондай-ақ өз ұйымында болған топтық және өлімге әкеп
соққан бақытсыз жағдайларға зерттеу жүргізген Мемлекеттік қадағалау
және бақылау органының іссапар шығындарының орнын толтыруға міндетті"

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары